



Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №1144658/2025/1

08.09.2025 жылғы

"Байкен-У" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Кауменов Алибек Ерболатович негізінде әрекет ететін Сенімхат №4267514230 07.04.2025 бастап, атынан, бір жағынан, және "Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, Басқарма мүшесі – қаржы-шаруашылық мәселелері және инфрақұрылымды дамыту бойынша проректор Тасыбаев Абдрахман Батырбекович атынан, негізінде қызмет ететін Сенімхат №4267515911 29.08.2025 бастап, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Бір көзден сатып алу туралы шешім № 1144658 негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарттың (бұдан әрі - қызметтер) талаптарына сәйкес білім беру қызметтерін көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Осы Шартта төменде көрсетілген терминдердің мынадай түсіндірмесі болады:

1.2.1. Шарт-Тапсырыс беруші мен орындаушы арасында қол жеткізілген, жазбаша нысанда тіркелген және тараптар оған барлық қосымшалармен және толықтырулармен, сондай-ақ осы Шартта сілтемелері бар барлық қажетті құжаттамамен қол қойған осы келісімді білдіреді.

1.2.2. Шарттың жалпы сомасы-тапсырыс беруші Шарт шеңберінде Орындаушыға шарттық міндеттемелерді толық орындағаны үшін төлеуі тиіс сома.

1.2.3. Қызметтер-осы Шарттың талаптарына және оған қосымшаларға сәйкес Орындаушы Тапсырыс берушіге көрсететін оқыту жөніндегі қызметтерді білдіреді.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 1600000.00 (бір миллион алты жүз мың) Тенге ҚҚС-сыз құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Орындаушы алдын ала төлеуге шот берген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі.

Орындаушы аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, бұл аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.5. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.5.2. Шот-фактура;

2.5.3. Көрсетілген қызметтер актісі (Р-1 нысаны).

2.6. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.

Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.7. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.8. Нақты көрсетілген Қызметтер үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлем ескеріле отырып жүргізіледі.

2.9. Төлемдердің барлық түрлері (алдын ала төлем, аралық, түпкілікті) Өнім беруші толтырылған контрагент сауалнамасын ұсынған жағдайда жүзеге асырылады.





2.10. Электрондық шот-фактураларды беру Қазақстан Республикасы Салық кодексінің және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасарының - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 370 бұйрығымен бекітілген Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураларды беру қағидаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

2.11. Егер Орындаушы қосылған құн салығын (бұдан әрі - ҚҚС) төлеуші болып табылмаса, онда уәкілетті орган ҚҚС төлеуші ретінде тіркелген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге ҚҚС бойынша тіркеу туралы куәліктің көшірмесін береді, сонымен қатар ол Тапсырыс берушіден ҚҚС сомасын қосымша төлеуді талап етуге құқығы жоқ және осы Шарттың Қосымшаларында көзделген төлем сомасын (өсірмей) бөлуге және электрондық нысанда қол жетімді электрондық шот-фактураны беруге міндеттенеді. ЭШФ АЖ («Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі).

2.12. Егер нақты көрсетілген Қызметтердің құны осы Шарттың жалпы сомасына жетпеген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден осы Шарт бойынша қалған соманы төлеуді талап етуге құқылы емес.

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Орындаушы Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес орны бойынша және мерзімінде Қызмет көрсетуге міндетті.

3.2. Қызметтерді Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес және Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес саны мен сапасы бойынша көрсетеді.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда көрсетілетін Қызметтерге құжаттарды, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне (санына) арналған Шартта елішілік құндылықтың есебі (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.3. 2026 жылғы 31 шілдеден кешіктірмей көрсетілген қызметтер актісін және электрондық шот-фактураны ұсынсын және Тапсырыс берушіге берсін.

4.1.4. Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға;

4.1.5. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсетуге;

4.1.6. Қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға;

4.1.7. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындаған ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауап беруге;

4.1.8. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Қызметтер көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы мүмкін және (немесе) әкеп соққан барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу ескертуге;

4.1.9. Тапсырыс беруші немесе уәкілетті органдар анықтаған өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы кемшіліктерді және Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын өз есебінен жоюға;

4.1.10. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдерінің қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

4.1.11. Тапсырыс беруші экспорттаушы болып табылатынын және қосылған құн салығын қайтаруға құқығы бар екенін назарға ала отырып, Орындаушы міндетті түрде салық заңнамасының талаптарына сәйкес, қойылған шот – фактураларда бухгалтерлік есепте және салық есептілігінде, сондай-ақ растайтын құжаттарды ұсыну жөніндегі талаптар салық органдарының сұрауы бойынша көрсету.

4.1.12. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осы Шартқа № 4 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған контрагент сауалнамасын (егер Орындаушы контрагенттің сауалнамасын бұрын, осы Шартқа қол қойылған күннің алдындағы соңғы 12 күнгізбелік ай ішінде ұсынбаған жағдайда) және осы Шарттың №5 Қосымшасына сәйкес нысан бойынша ESG сауалнамасын ұсыну.

4.1.13. Мемлекеттік бақылаушы органдар айыппұл салған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушы қызметінің нәтижесінде орын алған ықтимал оқиғалар үшін келтірілген залал бойынша төлемдер үшін материалдық жауапты болады.





4.1.14. «Байкен-У» ЖШС жеткізушілер мен мердігерлер кодексінің талаптарын сақтау (Шартқа № 5 қосымша).

4.2. Орындаушының:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) $\frac{1}{4}$ -нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

4.2.6. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

4.3. Тапсырыс берушінің:

4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге міндеттенеді.

4.3.5. Ұсынылған салық шот-фактурасында көзделген деректемелер дұрыс көрсетілмеген немесе толық көрсетілмеген жағдайда Тапсырыс беруші мұндай шот-фактураны ескертулерді жою және шот-фактураны тиісінше ресімдеу үшін Орындаушыға қайтарады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін шот-фактураны ұсынған сәттен бастап ақы төлеу мерзімдерін есептеуге құқылы.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға.

Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.

4.4.6. Шарттың 13-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шеңберінде Тапсырыс беруші Орындаушыға комплаенс-тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады. Комплаенс-тексеру жүргізу барысында Тапсырыс беруші Орындаушыны ынтымақтастықтан бас тарту үшін негіздердің / теріс ақпараттың / өзге де мәліметтердің болуын, оның ішінде, бірақ бұлармен шектелмей, сыбайлас жемқорлық көріністерін, ақшаны жылыстатуды және терроризмді қаржыландыруды қоса алғанда, қандай да бір заңсыз қызметке қатыстылығын, Орындаушының, оның акционерлерінің/құрылтайшыларының/қатысушыларының, басшыларының ынтымақтастыққа тыйым салатын халықаралық санкцияларға ұшыраған адамдар тізімінде болуын тексереді.

4.4.7. Келесі жағдайларда Шартты орындаудан бас тарту:

- Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шарттың талаптарына сәйкес Контрагент анкетасын ұсынбағанда;
- Орындаушыны комплаенс-тексеру кезінде теріс нәтиже анықталса;
- Орындаушы "Байкен-У" ЖШС Жеткізушілер мен мердігерлер кодексін бұзу фактілері анықталса.

5. Тараптардың жауапкершілігі





5.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

5.2. Орындаушының жауапкершілігі:

5.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерде туристік құндылықтан тыс есептеуді ұсынбаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

5.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Тапсырыс берушінің талаптары орындалмаса, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

5.3. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

5.3.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға өтелмеген міндеттеменің жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ өтелмеген міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

5.3.2. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қояды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға өтелмеген міндеттеменің жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ өтелмеген міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде, әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлейді.

5.3.3. Тапсырыс беруші құжаттарды уактылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Қызмет көрсету үшін орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Орындаушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

5.4. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жібереді.

5.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

6. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

6.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

6.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

6.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

6.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

6.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда;

6.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

6.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

6.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда.

Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

6.3.4. Тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда.

6.4. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттан бас тартудың себебі көрсетілуі тиіс, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні айтылуы тиіс.

6.5. Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуына жол берілмейді.

Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.

6.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше





орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

7. Хат-хабар

7.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірілген жүзеге асырылады.

7.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

7.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

7.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

7.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

8. Шарттың мерзімі

8.1. Осы Шарт Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және до 31 августа 2026 года дейін жарамды, ал өзара есеп айырысу бөлігінде толық аяқталғанша жарамды болады.

9. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

9.1. Тараптар, егер ол еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш жағдайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемия, карантин, эмбарго және басқалар сияқты, бірақ олармен шектелмейтін әрекеттерді қамтуы мүмкін.

9.2. Еңсерілмейтін күш жағдайы туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы жазбаша нысанда (хабарлама) және олардың себептері туралы хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

9.3. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тараптың оны жауапкершіліктен босататын мәнжайлардың басталғаны туралы хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы оны форс-мажор мән-жайлардың басталу дерегіне сілтеме жасау құқығынан айырады.

9.4. Егер форс-мажор жағдайлар қатарынан күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам жалғасатын болса, онда Тараптардың әрқайсысының осы Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқығы болады және бұл жағдайда Тараптардың бірде-бірінің басқа Тараптың алдындағы ықтимал залалдарды өтеуге құқығы жоқ.

10. Дауларды шешу тәртібі

10.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

10.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

10.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

11.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

11.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

11.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын





және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

11.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

11.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

11.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

11.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

11.8. Осы баптың мақсаттары үшін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама» термині Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы заңнамасын, сондай-ақ Ұлыбританияның «Парақорлық туралы» Заңын білдіреді.

11.9. Тапсырыс беруші Орындаушыдан Шарттың орындалу барысын талдау мақсатында Шарттың орындалуы бойынша мәліметтерді қамтитын кез келген құжаттарды сұратуға құқылы.

11.10. Осы Шарттың 13.5-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама алған Тарап 10 күн мерзімде тергеу жүргізуге және оның нәтижелерін басқа Тараптың атына беруге міндетті.

11.11. Тапсырыс беруші осы Шартты орындауға байланысты Орындаушының қызметін, оның құжаттары мен жазбаларын комплаенстексеруді өз қалауы бойынша жүргізу құқығын өзіне қалдырады. Тапсырыс беруші мұндай тексеру туралы жазбаша хабарламаны болжамды тексеру күніне дейін 20 жұмыс күнінен кешіктірмей беруге міндеттенеді және оны дербес немесе үшінші тарапты тарта отырып жүргізе алады.

11.12. Орындаушы Тапсырыс берушіден хабарламаны алған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілген хабарламаны алғанын растауы және осындай хабарламаны алғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде тексеру жүргізілген күнді растауы тиіс. Тексеру жүргізу кезінде Орындаушы немесе уәкілетті үшінші тарап осы Шартты жасасу, орындау, бұзуға байланысты немесе оның шеңберінде Орындаушының қызметкерлерінен сұхбат алуы мүмкін.

11.13. Егер тексеру нәтижесінде Орындаушы өзі берген кепілдіктер мен куәліктерді бұзу жағдайлары анықталса, Орындаушы көрсетілген анықтау күнінен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдауға және мұндай шаралар туралы Тапсырыс берушіге жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Сәйкессіздіктерді жою жөніндегі шараларды Орындаушы өз есебінен қабылдауға тиіс.

11.14. Егер Орындаушы тексеру жүргізуден бас тартса немесе сәйкессіздіктерді жою бойынша шаралар қабылдаса немесе сәйкессіздіктерді жою мүмкін болмаса, онда Тапсырыс беруші бұзған Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіппен бас тартуға құқылы.

12. Құпиялылық

12.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді.

Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

12.2. ИМердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

13. Басқа шарттар

13.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Орындаушының кепілдіктері негізінде және оларға адалдықпен сүйене





отырып, Орындаушы:

(а) Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары да, Орындаушының барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді.

Орындаушының Шартпен келісімі осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды;

(б) Орындаушы Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Орындаушының шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан.

(с) Орындаушының атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

13.2. Егер Орындаушының қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл болмаса, Орындаушы екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Орындаушының осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәл емес болуы нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

13.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар:

(а) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе)

(б) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе)

(с) олар бұзушылыққа немесе өнімді жеткізуді/көрсетілетін қызметті тоқтатуға әкелуі мүмкін

(д) Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе)

(е) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар





етуге міндеттенеді.

13.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда («Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді.

13.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

13.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

13.7. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не Тенге жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкциялар, 15.8-баптың ережелері себебінен өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда келіседі, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда басым тәртіппен қолдануға жатады және мұндай жағдайда 15.5 және 15.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды.

13.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не _____ жүзеге асыру Орындаушы үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша өзге де түрде орынсыз болып қалса, осыны растайды және келіседі, Тапсырыс беруші Орындаушыны бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді және Тараптар осындай төлем жүргізлетін баламалы валютаны Тенге («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі, Тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

13.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 15.8-тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), онда Тараптар, егер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты өзінің интернет сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағам бойынша Тенге жарияламаса, мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады.

13.10. Шарт тараптардың әрқайсысы үшін бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада жасалды. Тараптар айырбастайтын Шартқа қатысты барлық хат-хабарлар және басқа құжаттама осы шарттарға сәйкес келуі керек.

13.11. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар оларды жазбаша түрде жасаған және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда оның ажырамас бөліктері болып табылады.

13.12. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі.

14. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"Байкен-У" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Байкенже а.о.,
Байкенже а., Қалкөз Сіргебайұлы, 1В
BSN 060340009857
BSK HSBKKZKX
ЖСК KZ106010201000130761
АО "Народный Банк Казахстана"
Тел.: +7 (724) 255-1140
Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Кауменов
Алибек Ерболатович

"Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Алматы қ., Бостандық ауданы, Проспект Аль-Фараби, дом
71
BSN 990140001154
BSK HSBKKZKX
ЖСК KZ156010131000194743
АО "Народный Банк Казахстана"
Тел.: +7 (727) 377-3333
Басқарма мүшесі – қаржы-шаруашылық мәселелері және
инфрақұрылымды дамыту бойынша проректор Тасыбаев
Абдрахман Батырбекович

08.09.2025 09:36:34

08.09.2025 12:17:50





№1 қосымша

№1144658/2025/1 от 08.09.2025 жылғыкелісім-шарт үшін

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізімі

ЖП тармағының №	Атауы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттамасы	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
216 У	Білім беру/оқыту саласында қызметтер	Асылбек Әділет Бауыржанұлы студентін оқыту	1.000	1.000	-	Жоқ	1 600 000	КАЗАХСТАН, г.Алматы	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 31.08.2026 дейін.	Алдын ала төлем - 100%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 0%





ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1144658 сатып алу бойынша
Бір көзден тәсілімен

Лот № 1 (216 У, 4165391)

Тапсырыс беруші: "Байкен-У" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Орындаушы: "Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	Мәні
Жол нөмірі	216 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Білім беру/оқыту саласында қызметтер
Қосымша сипаттама	Асылбек Әділет Бауыржанұлы студентін оқыту
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Алматы қ.
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 31.08.2026 дейін.
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 100%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

Асылбек Әділет Бауыржанұлы студентін оқыту





Шарттың №3

қосымшасы №1144658/2025/1 от 08.09.2025 жылғы

Шарттың №3

қосымшасы №1144658/2025/1 от 08.09.2025 жылғыҚызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

жылғы №

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың атауы және қысқаша сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктерінің коды	Сатып алу көлемі		СТ-KZ сертификаты						Тауар шығарылған елдің коды	внутристрановая ценность в товаре, в тенге	внутристрановая ценность в договоре, %
					в единице измерения по ст.5	акпалай мәнде	№	Серия	Берген органның коды	Берілген жылы	Берілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (Σ15/Σ7*100%)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:

3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша қолжетімді: <http://www.enstru.skc.kz/>

8. СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.

9. СТ-KZ сертификатының сериясы.

10. СТ-KZ сертификатын берген органның коды. Мысал: 650.

11. СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.

12. СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.

13. СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда елішілік құндылық үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тең

14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.

Елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.





Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

№ р/с	Орындаушы/Суб мердігер	Келісім -шарт нөмірі	Келісім- шарттың құны	Келісім-шарт шеңберінде орындаушы немесе субмердігер сатып алатын/сатып алған тауарлардың жиынтық құны	Келісім-шартты орындау шеңберінде жасалатын/жасалатын субмердігерлік келісім-шарттардың жиынтық құны	Келісім-шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе субмердігердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жалпы қорындағы қазақстандық кадрларға еңбекақы төлеу қорының үлесі	Шарттағы елішілік құндылық үлесі, (ақша қаражат түрінде)
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

№ р/с	Орындаушы	Келісім-шарт	Келісім-шарт күні	Келісім-шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	внутристрановая ценность в договоре, %
1	2	3	4	5	6	7 (= $\sum 15(\text{табл.1}) + \sum 8(\text{табл.2}) / 6 * 100\%$)
						100

Ескерту:

елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Қол қоюшылар:

Кауменов Алибек Ерболатович, Заместитель генерального директора по производству

Мырхалыков Алдияр Жұмаханұлы, Директор департамента экономики и планирования

Туралиев Ернар Серикболович, Директор юридического департамента

Тәуіпбай Абзалбек Сұлтанбекұлы, Директор ДУЧР

Бектемісова Әйгерім Қайыржанқызы, Начальник Финансового отдела

Джакубалиева Зухра Аташевна, Главный бухгалтер

Есказиев Максат Тулешевич, Главный менеджер департамента безопасности

Исмалаев Олжас Каласович, Офицер по комплаенс

Кенебаев Нұржан Майданұлы, Директор департамента закупок

Тасыбаев Абдрахман Батырбекович, Член Правления - проректор по финансово-хозяйственным вопросам и развитию инфраструктуры



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





Договор о закупке услуг №1144658/2025/1

08.09.2025 г.

Товарищество с ограниченной ответственностью "Байкен-У", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице Заместитель генерального директора по производству Кауменов Алибек Ерболатович, действующего на основании Доверенность №4267514230 от 07.04.2025, с одной стороны, и Некоммерческое акционерное общество "Казахский национальный университет имени Аль-Фараби" именуемое в дальнейшем «Исполнитель», в лице Член Правления - проректор по финансово-хозяйственным вопросам и развитию инфраструктуры Тасыбаев Абдрахман Батырбекович, действующего на основании Доверенность №4267515911 от 29.08.2025, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок), и на основании Решение о закупке из одного источника № 1144658, заключили настоящий договор о закупках услуг (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем.

1. Предмет Договора

1.1. Исполнитель обязуется оказать образовательные услуги согласно условиям Договора (далее - Услуги), а Заказчик обязуется принять и оплатить Услуги на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Исполнителем своих обязательств по Договору.

1.2. В настоящем Договоре нижеперечисленные термины будут иметь следующее толкование:

1.2.1. Договор - означает настоящее соглашение, достигнутое между Заказчиком и Исполнителем, зафиксированное в письменной форме и подписанное Сторонами со всеми Приложениями и дополнениями к нему, а также со всей необходимой документацией, на которую в настоящем Договоре есть ссылки.

1.2.2. Общая сумма договора - сумма, которая должна быть выплачена Заказчиком Исполнителю в рамках Договора за полное выполнение договорных обязательств.

1.2.3. Услуги – означают услуги по обучению, оказываемые Исполнителем Заказчику согласно условиям настоящего Договора и Приложений к нему.

2. Сумма Договора и условия оплаты

